

6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлының «Қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету
негіздерінің әдіснамасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент

ОМАРКУЛОВ БАУЫРЖАН КАДЕНОВИЧТІҢ

жазбаша пікірі

p/n №	Өлшемшарттар	Критерийлер сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызып көрсетіңіз)	Ресми рецензенттің ұстанымын негіздеу (ескертулер курсивпен белгіленсін)
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Тақырыбы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың басым бағытына, атап айтқанда «Өмір туралы ғылым және денсаулық» басымдығына сәйкес келеді.
2	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыстың ғылым үшін маңыздылығы Қазақстан Республикасында медициналық көмек сапасы мен көлемін бақылаудың экстерриториялық тәсіл мен апелляция институтына негізделген әдіснамалық моделін алғаш рет ғылыми тұрғыдан негіздеумен айқындалады. Зерттеу нәтижелері қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмек көрсетудің сапасын басқару және бағалау бойынша

			әдістемелік алгоритмдерді әзірлеуге мүмкіндік берді. Ұсынылған тәсілдер онкологиялық көмектің сапасы мен көлемін бағалаудың объективтілігін, ашықтығын және нәтижелілігін арттыруға бағытталған. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері медициналық көмектің сапасын басқарудың реактивті бақылау және санкциялық ықпал ету тетіктерінен тәуекелдерді алдын ала анықтауға, дәлелді шешімдер қабылдауға және цифрлық технологияларды, оның ішінде жасанды интеллект элементтерін қолдануға негізделген проактивті басқару моделіне көшуінің ғылыми-әдіснамалық негізін қалыптастырады.
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертант зерттеудің мақсаты мен төрт негізгі ғылыми міндетін дербес тұжырымдаған. Зерттеу мақсаты онкологиялық көмектің сапасын басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған және зерттеу мазмұнына сәйкес нақты әрі ғылыми тұрғыдан негізделген. Ғылыми міндеттер эпидемиологиялық жағдайды талдау, онкологиялық көмектің ұйымдастырушылық құрылымын бағалау, медициналық көмек сапасына ретроспективті зерттеу жүргізу және сапаны бағалау мен басқарудың әдістемелік алгоритмдерін әзірлеу бағыттарын қамтиды. Міндеттердің өзара логикалық сабақтастығы автордың зерттеу мәселесін жүйелі түрде пайымдағанын және ғылыми ізденістің дербес жүргізілгенін көрсетеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертациялық жұмыстың өзектілігі жеткілікті деңгейде және ғылыми тұрғыдан негізделген. Автор қатерлі ісіктердің таралуының өсуі, онкологиялық аурушандық пен өлім-жітім көрсеткіштерінің динамикасы, өңірлік айырмашылықтар, онкологиялық көмектің ұйымдастырылуы мен қолжетімділігіндегі мәселелер, сондай-ақ медициналық көмектің

		сапасы мен көлемін бақылау жүйесіндегі өзекті мәселелерді кешенді түрде сипаттаған. Зерттеу өзектілігі эпидемиологиялық деректерді, онкологиялық қызметтің ұйымдастырушылық ерекшеліктерін және медициналық көмек сапасын мониторингтеу нәтижелерін талдау арқылы дәйектелген. Сонымен қатар, қолданыстағы бақылау тетіктерін жетілдіру қажеттілігі негізделіп, қатерлі ісіктері бар пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасын бағалау мен басқарудың әдістемелік тәсілдерін әзірлеудің ғылыми және практикалық қажеттілігі айқындалған.
	4.2 Диссертация мазмұны тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Зерттеу жұмысының құрылымы мен мазмұны қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету негіздерінің әдіснамасын кешенді зерттеуге бағытталған. Диссертацияда онкологиялық аурулардың эпидемиологиялық жағдайы мен динамикасы, онкологиялық көмекті ұйымдастырудың құрылымы мен ресурстық қамтамасыз етілуі, медициналық көмектің сапасы мен көлемін бақылау нәтижелері, анықталған ақаулардың құрылымы және оларды бағалау тетіктері жүйелі түрде талданған. Зерттеу нәтижелері негізінде онкологиялық көмектің сапасын бағалау мен басқарудың әдістемелік алгоритмдері әзірленіп, медициналық көмекті мониторингтеудің экстерриториялық тәсілі, апелляция институты және цифрлық технологияларды қолдану мүмкіндіктері ғылыми тұрғыдан негізделген.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді;	Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері оның тақырыбына толық сәйкес келеді. Зерттеудің негізгі мақсаты қатерлі ісіктері бар пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасын басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған.

		3) сәйкес келмейді	бұл диссертация тақырыбында қойылған ғылыми мәселенің мазмұнына тікелей сәйкес келеді. Зерттеудің міндеттері мақсатты дәйекті түрде ашып, онкологиялық аурулардың эпидемиологиялық жағдайын талдауды, онкологиялық көмекті ұйымдастырудың құрылымы мен ресурстық қамтамасыз етілуін бағалауды, медициналық көмектің сапасы мен көлеміне ретроспективті талдау жүргізуді және алынған нәтижелер негізінде медициналық көмектің сапасын бағалау мен басқарудың әдістемелік алгоритмдерін әзірлеуді қамтиды.
		4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылымдық элементтері өзара толық логикалық байланысқан. Әдебиеттерге шолу барысында зерттеу мәселесінің теориялық және әдіснамалық негіздері айқындалған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Зерттеу нәтижелері автор жүргізген эмпирикалық және статистикалық талдаулармен дәйектеліп, отандық және шетелдік ғалымдардың заманауи ғылыми еңбектеріне сүйене отырып талқылانған. Қолданыстағы медициналық көмек сапасын мониторингтеу жүйесіне сыни талдау жүргізіліп, оның негізгі шектеулері мен жетілдіруді қажет ететін аспектілері айқындалған. Осы талдау нәтижелері негізінде автор медициналық көмек сапасы мен көлемін бағалаудың стандартталған, нозологияға бағдарланған және проактивті тәсілдерін, сондай-ақ экстерриториялық мониторинг пен апелляция институтына негізделген жаңа әдістемелік шешімдерді ұсынған.
5	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа;	Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер мен қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер Қазақстан Республикасының денсаулық

	2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25%-дан кем).	сақтау жүйесі мен онкологиялық қызмет жағдайында ғылыми және әдістемелік тұрғыдан жаңа болып табылады. Зерттеу барысында медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеудің екстерриториялық тәсілге негізделген моделі ғылыми тұрғыдан негізделіп, оның объективтілігін арттыруға бағытталған апелляция институтымен толықтырылған. Бұл тәсіл медициналық көмекті бағалаудағы аумақтық шектеулерді төмендетуге, сараптамалық бағалаудың объективтілігін арттыруға және мүдделер қақтығысының тәуекелдерін азайтуға бағытталған. Диссертациялық жұмыста қатерлі ісіктері бар пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен көлеміне Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының мониторингтік деректері негізінде кешенді бағалау жүргізілген.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	Қорытынды тұжырымдар зерттеу барысында алынған авторлық нәтижелерді жүйелі түрде жинақтайды және диссертацияның мақсаты мен міндеттеріне тікелей сәйкес келеді. Осыған байланысты диссертацияның қорытындылары бұрыннан белгілі тұжырымдарды қайталаумен шектелмейді және зерттеу нәтижелерінен тікелей туындайтын, ғылыми және практикалық тұрғыдан жаңа қорытындылардың тұтас жүйесін құрайды. Сондықтан диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа деп бағаланады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа);	Диссертациялық жұмыста технологиялық бағытта медициналық ақпараттық жүйелерге әзірленген алгоритмдерді интеграциялау, медициналық құжаттамадағы ықтимал ақауларды автоматтандырылған түрде анықтау және жасанды интеллект элементтерін пайдалану арқылы ретроспективті бақылаудан проактивті

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	мониторингке көшу тетіктері ұсынылған. Бұл шешімдер медициналық көмектің сапасын бақылау процестерін цифрландыруға және бақылау рәсімдерінің объективтілігін арттыруға бағытталған.
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнер мен гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды және жеткілікті дәлелдемелерге негізделген. Қорытынды тұжырымдар зерттеу барысында жүргізілген эпидемиологиялық, статистикалық, ұйымдастырушылық және медициналық-экономикалық талдаулардың нәтижелерінен туындайды және бастапқы деректермен дәйектелген. Автор онкологиялық аурушандық пен өлім-жітімнің динамикасын, өңірлік ерекшеліктерді, онкологиялық қызметтің кадрлық және материалдық ресурстармен қамтамасыз етілуін, жоғары технологиялық диагностиканың қолжетімділігін, сондай-ақ медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелерін кешенді түрде талдаған.
7	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді. 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымның ереженің	7.1 Диссертацияда қорғауға ұсынылған негізгі ережелердің әрқайсысы зерттеу барысында алынған нәтижелермен, статистикалық және аналитикалық деректермен, сондай-ақ жүргізілген салыстырмалы талдаулармен жеткілікті дәрежеде дәлелденген. 7.2 Онкологиялық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеудің экстерриториялық тәсілі, апелляция институты, нозологиялық ерекшелікке негізделген әдістемелік алгоритмдер, медициналық көмек ақауларын жүйелеу және цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін қолдану сияқты авторлық шешімдер қамтылған. Аталған ережелер нақты зерттеу

	тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	нәтижелерін талдау және қолданыстағы тәсілдермен салыстыру негізінде қалыптастырылған, сондықтан оларды жалпыға белгілі немесе өздігінен түсінікті тұжырымдар ретінде қарастыруға болмайды. Осыған байланысты диссертацияда қорғауға ұсынылған ережелер тривиалды емес деп бағаланады. 7.3. Диссертацияда қорғауға ұсынылған негізгі ережелер ғылыми жаңалық критерийлеріне сәйкес келеді және жаңа болып табылады. Олардың жаңашылдығы медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеудің экстерриториялық моделін ғылыми тұрғыдан негіздеуден, апелляция институтын енгізуден, қатерлі ісіктердің нозологиялық нысандарына бейімделген әдістемелік алгоритмдер мен медициналық көмек ақауларын бағалау картасын әзірлеуден көрінеді. 7.4. Зерттеу нәтижелерінің практикалық қолданысы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ тарапынан берілген енгізу актілерімен расталады. Осыған байланысты қорғауға ұсынылған ережелердің қолдану деңгейі кең деп бағаланады. 7.5. Диссертацияда қорғауға ұсынылған негізгі ережелердің ғылыми негіздемесі автордың жарияланған ғылыми еңбектерінде көрініс тапқан.
Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдау - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыста зерттеу әдіснамасы нақты және жүйелі түрде сипатталған, ал қолданылған әдістер зерттеудің мақсаты мен қойылған міндеттеріне сәйкес негізделген. Зерттеу дизайны ретроспективті, сипаттамалық және аналитикалық тәсілдерді қамтып, онкологиялық аурулардың эпидемиологиялық жағдайын, медициналық көмекті ұйымдастыру ерекшеліктерін және медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелерін кешенді

8

		бағалауға мүмкіндік берген. Зерттеу барысында медициналық-статистикалық, медициналық-экономикалық, салыстырмалы және аналитикалық әдістер қолданылған.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу әдістерін, компьютерлік технологияларды және деректерді статистикалық өңдеу мен интерпретациялаудың тиісті тәсілдерін қолдану негізінде алынған. Зерттеу барысында онкологиялық аурушандық пен өлім-жітімнің ұзақмерзімді динамикасын, өңірлік көрсеткіштерді, медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеу нәтижелерін және медициналық-экономикалық көрсеткіштерді талдау үшін статистикалық өңдеу әдістері пайдаланылған. Статистикалық талдау IBM SPSS 26.0 нұсқасы бағдарламасында жүргізілген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған теориялық қорытындылар мен ұсынылған әдістемелік модельдер автор жүргізген эмпирикалық және статистикалық зерттеулердің нәтижелерімен негізделіп, расталған. Зерттеу барысында онкологиялық аурушандық пен өлім-жітімнің динамикасы, өңірлік ерекшеліктер, онкологиялық қызметтің кадрлық және ресурстық қамтамасыз етілуі, жоғары технологиялық диагностикалық қызметтердің қолжетімділігі, сондай-ақ медициналық көмектің сапасы мен көлеміне жүргізілген мониторинг нәтижелері кешенді түрде талданған.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста келтірілген негізгі және маңызды ғылыми мәлімдемелер нақты әрі сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен жеткілікті дәрежеде расталған. Әдебиеттерге шолу барысында отандық және шетелдік ғылыми

			жарияланымдар жүйеленіп, зерттеу тақырыбына қатысты эпидемиологиялық, клиникалық, ұйымдастырушылық және басқарушылық мәселелер бойынша заманауи ғылыми деректер талданған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертацияда барлығы 172 әдебиет көзі пайдаланылған. Әдеби дереккөздер зерттеу мәселесінің өзектілігін, онкологиялық көмекті ұйымдастырудың қазіргі жағдайын, медициналық көмектің сапасын бағалау тәсілдерін және сапаны басқарудың заманауи модельдерін ғылыми тұрғыдан негіздеу үшін қолданылған.
		9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелері онкологиялық көмектің сапасын басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін кеңейтуге бағытталған. Ұсынылған әдіснамалық тәсілдер медициналық көмектің сапасын бағалау және басқару саласындағы ғылыми білімді толықтырып, кейінгі зерттеулер үшін теориялық негіз бола алады.
9	Тәжірибелік құндылық принципі	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы жоғары және алынған нәтижелерді денсаулық сақтау практикасына қолдану мүмкіндігі кен. Зерттеу нәтижелері қатерлі ісіктері бар пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен көлемін бағалау, мониторингтеу және басқару процестерін жетілдіруге бағытталған нақты әдістемелік және ұйымдастырушылық шешімдерді қамтиды. Ұсынылған жаңа мониторинг әдісі және әдістемелік тәсілдер басқару шешімдерінің практикалық маңыздылығы олардың денсаулық сақтау жүйесіне енгізілуімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі мен «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КеАҚ, «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ-на

			тарапынан берілген енгізу актілерімен расталады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) толығымен жаңа ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсынымдар қолданыстағы жүйенің нақты проблемаларын, соның ішінде сараптамалық бағалаудың субъективтілігін, бақылау рәсімдерінің реактивті сипатын және медициналық көмектің сапасын бағалаудағы әдістемелік алшақтықтарды ескере отырып қалыптастырылған. Осыған байланысты диссертацияда ұсынылған практикалық ұсынымдар бұрыннан белгілі ұсынымдарды қайталаумен шектелмейді, зерттеу нәтижелерінен тікелей туындайтын авторлық әдістемелік және басқарушылық шешімдерді қамтиды.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың мәтіні ғылыми стиль талаптарына сәйкес жүйелі, дәйекті және мазмұндық тұрғыдан бірізді баяндалған.
11	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияда ақау-айыппұлдық үлгіден халықаралық тәжірибедегі (CQUIN, QBF) ынталандырушы қаржыландыру модельдеріне көшу ұсынылған. Бұл өте дұрыс бағыт, алайда бұл реформаның Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының бюджетіне тигізетін әлеуетті экономикалық әсерінің алдын ала модельдеуі (болжамды шығындар мен үнемдеу көрсеткіштері) жұмыста көрініс таппаған. Қорытынды бөлімге немесе практикалық ұсыныстарға ынталандырушы төлемдерді енгізудің болжамды бюджеттік тиімділігіне қысқаша экономикалық негіздеме (модельдеу элементтері) қосу жұмыстың практикалық маңыздылығын арттырады деп есептеймін. Бұл ұсыныс консультативті болып табылады, сол себепті жұмыстың ғылыми құндылығы мен практикалық маңыздылығын төмендетпейді.	
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер	Дәстүрлі диссертация болып табылады.	

	докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	
13	Ресми рецензенттің шешімі	Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлының «Қатерлі ісіктері бар пациенттерге медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету негіздерінің әдіснамасы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзекті ғылыми мәселені шешуге бағытталған, мазмұны жағынан тұтас және аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. Зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттер толық орындалып, ғылыми жаңалығы бар нәтижелер алынды, олардың теориялық және практикалық маңызы негізделді. Диссертациялық жұмыстың мазмұны, ғылыми нәтижелері мен қорытындылары Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің ғылыми дәрежелерді беру қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес келеді. Осыған байланысты Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлының диссертациялық жұмысын оң бағалай отырып, оған 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешімді қолдаймын.

Ресми рецензент:

Жоғары біліктілік санаттағы денсаулық сақтауды ұйымдастырушы және жалпы практика дәрігері,
 ҚР ДСМ-нің тәуелсіз сарапшысы, WONCA мүшесі, медицина ғылымдарының кандидаты,
 «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ Отбасылық медицина кафедрасының профессоры,
 Қарағанды қ., Қазақстан

31.09.2022

Омаркулов Б.К.

